



№57 (10760)
сейсенбі
4 тамыз
2026 жыл



talas-gazet.kz

TALAS

Talas aýdandyq gazetі

Gazet 1934 jyldyń 1 qazanynan shyǵady

E mail: talas-gazet@mail.kz



ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!

Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Әрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады.

Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынау қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады.

Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы.

Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.

Орталық Азия мемлекеттерінің президенттері су-моторлы спорттан UIM F1H2O әлем чемпионатының гран-при кезеңінің ашылу салтанатына қатысты

Қырғызстан, Шолпан-Ата қаласы.



Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев пен
Орталық Азия елдерінің
басшылары чемпионатқа

қатысушылармен әңгіме-
лесіп, оларға сәттілік тіледі.
Қазақстан, Қырғызстан,
Тәжікстан және Өзбекстан

президенттеріне судағы
жарыстарға арналған болид
таныстырылды.

Бұдан соң Орталық Азия мемлекеттерінің көшбасшылары бір мезгілде символикалық тетікті басып, су-моторлы спорттан UIM F1H2O әлем чемпионатының «Қырғызстан Республикасы – Ыстықкөл 2026 гран-при» кезеңін ресми түрде ашты.

Жарыстарға БАӘ, Аустралия, Канада және басқа елдердің намысын қорғайтын 8 команда мен 18 спортшы қатысуда.

Қырғызстанда алғаш рет өткізіліп жатқан сайыс республика тарихындағы ең ірі халықаралық спорттық-мәдени іс-шара саналады.

Akorda.kz



ГОЛОСУЙ ЗА
ОБНОВЛЕНИЕ!

Как проверить себя в списках избирателей?

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан. Каждый гражданин вправе проверить данные о себе в списках избирателей за пятнадцать дней до дня голосования или с 7 августа 2026 года в помещениях избирательных комиссий по месту своего проживания.

На избирательных участках, образованных в воинских частях, отдаленных и труднодоступных районах, в домах отдыха, в санаторно-курортных организациях, в организациях с непрерывно действующим производством, в местах организации труда вахтовым методом, специальных учреждениях, обеспечивающих временную изоляцию от общества, при заграничуждениях Республики Казахстан в иностранных государствах избиратели могут ознакомиться со списками за пять дней до дня голосования или с 17 августа 2026 года.

При невключении, неправильном включении или исключении из списка, а также допущении неточности, гражданин вправе подать заявление в избирательную комиссию о необходимости исправления данных в списках избирателей.

Исправление или включение в список производится избирательной комиссией немедленно. В случае отклонения заявления избирательная комиссия безотлагательно выдает гражданину копию мотивированного решения об отклонении его заявления. Решение может быть обжаловано в суде по месту нахождения избирательной комиссии, суд рассматривает жалобу в день ее поступления.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия
Республики Казахстан.



ЖАҢА КӘСІПОРЫННЫҢ ЖОСПАРЫ АУҚЫМДЫ

Нарбөл ҚАШАҒАН, «TALAS tyunyсы».

«Талас субзона» индустриалды аймағында» осы көктемде «Karatau Chemicals» ЖШС-гі іске қосылды. Кәсіпорындар мен өндіріс орындарын салуға арналған, инженерлік инфрақұрылым бөлінген

аумақта бұдан бөлек «Talas investment company» мен «АзияХим» ЖШС орналасқан. 2024-2025 жылдары құрылыс жұмыстары жүргізілген кәсіпорынға тартылған шетелдік

инвестиция көлемі 3 млрд. теңгені құрайды. Өндіретін өнім түрі-пиросульфит натрий. Жалпы өнімнің бұл түрі химия саласында, тамақ өнеркәсібінде және медицинада консервант, антиоксидант, сонымен қатар ағартқыш ретінде қолданылады. Әсіресе, алтын өндіретін кәсіпорындарда пиросульфит натрийға сұраныс жоғары.

- Өндіріс орнының жоба қуаты жылына 24 мың тоннаны құрайды. Үстіміздегі жылдың 2 тоқсанында 2335 тонна пиросульфит натрий өнімін шығарды. Статистикалық есепке өнімді тапсырып жатыр. Бұл кәсіпорынның нақты жұмыс қуатына көшкендігін білдіреді. Алғашқы кезекте ішкі нарықты қамтамасыз етеді. Сонан соң экспортқа өнімдерді шығарады. Қазір мұнда 60 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Оның 55-ін жергілікті тұрғындар қамтиды,-дейді «Karatau Chemicals» ЖШС-нің жұмысына қатысты аудан әкімдігі кәсіпкерлік,-өнеркәсіп және туризм

бөлімінің басшысы Ауданбек Тауасаров.

Кәсіпорынның құрылтайшысы түркиялық-«Koynucu Group». Бұл-Түркиядағы жетекші корпоративтік холдингің бірі саналады. 1966 жылы Рефик Коюнджу тарапынан қалаған холдинг Түркияның түз экспорттының шамамен 50 пайызын қатмасыз етеді. Сонымен қатар, автомобиль сату, күн энергиясы жобалары және заманауи жылыжай кешендері, химия мен қорғаныс өнеркәсібін, жанармай құю стансаларын қамтиды.

Жалпы жаңа кәсіпорындардың іске қосылуы аймақтың әлеуметтік және экономикалық тұрғысынан тиімді болмақ. Алдымен жұмыс орындары ашылады, бюджетке салық төленумен қатар, өнім өндіру көлемі артады. Мемлекет тарапынан артылып отырған басты міндет те-өндіріс орындарын ашу және экономиканы әртараптандыру.

Қазіргі таңда «Karatau Chemicals» ЖШС-нің аумағы 20 гектарды құрайды.

Мемлекет тарапынан электр жарығы, көгілдір отын мен техникалық су тартылған. Өзге инфрақұрылым, нақтырақ - темір жол және байланыс торабына қажетті құжаттар рәсімделу үстінде. Бұл туралы Ауданбек Жузбосынұлы айтып отыр.

Кәсіпорын жылдық қуатын орындап, өз межесіне жеткенде тағы да 3 жобаны жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Алдағы уақытта жеке күтім өнімдерін, ұнтақтарды өндіру, биокорбонат өнімін шығармақ.

Өндіріс орындарының артуы экономикалық дамудың көрсеткіші ғана емес, халықтың тұрмыс сапасының, ел ішіндегі тұрақтылықтың кепілі саналады. Ауданбек Тауасаровтың сөзінше, аймаққа инвестиция тарту, өндіріс орындарын салу сынды жұмыстар мұнымен тоқтамайды. Инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасап, ауданның әлеуетін толық ашу дамудың басты жолы болмақ.



ЖЕМҚОРЛЫҚ - ІНДЕТ...

ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ДЕРТ

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демокра-тиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

Сыбайлас жемқорлық қазір жергілікті проблема болудан қалды, ол қоғамға және барлық елдердің экономикасына әсер ететін трансұлттық құбылысқа айналды. Бұл сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес саласында халықаралық ынтымақтастықтың маңызын арттыра түседі. 1998 жылы Қазақстан «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңды ТМД елдерінің ішінде бірінші болып қабылда-ды, онда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялық саясаты белгіленді.

Одан соң «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдары қабылданды. Президентіміз халыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мен азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне сенім арттырудың маңызды қыры екенін нақты көрсетті. Жаһандық бәсекеге қабілеттіліктің индекcін көтеру мақсатында, кәсіпкерлікпен айналысуға қолайлы жағдай жасалынып жатыр. Атап айтқанда, әкімшілік кедергілерді төмендету үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу және заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу электрондық қызмет түріне көшірілді.

Жемқорлық фактілерін болдырмау және алдын алу мақсатында Әділет басқармасында сенім телефондары орнатылды, әділет басқармасында сыбайлас жемқорлықтың пайда болуын шектеуге бағытталған ұйымдастырушылық және тәжірибелік іс-шаралар жоспары бекітіліп, сыбайлас жемқорлықты болдырмау жұмыстары күшейтілді, атқарылған жұмыстарды ескере отырып, мемлекет деңгейінде сыбайлас жемқорлықтын алдын алу және болдырмау шаралары жоспарлы және нәтижелі өткізіледі.

Қорыта айтқанда, мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жемқорлықты жоямыз десек, онымен қоғам болып күресу керек. Сонда ғана бір нәтижеге қол жеткізеріміз айқын.

Гүлмира ЖАКИПБАЕВА,
Жамбыл облысы Әділет
департаментінің «Талас ауданаралық
мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі»
филиалының маманы.



Әділдік - елдің берік негізі

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, қоғамның әл-ауқатына және азаматтардың мемлекетке деген сеніміне кері әсерін тигізетін қауіпті әлеуметтік құбылыс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл заңдылықты құрметтеу, адалдық пен әділдікті басты құндылық ретінде қабылдау, сондай-ақ кез келген жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік таныту. Мұндай мәдениет білім беру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және қоғамда жоғары адамгершілік құндылықтарды насихаттау арқылы қалыптасады. Бұл ұғым Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында да айқындалған.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі – қоғамда адалдық қағидаттарын орнықтыру. Жас ұрпаққа адал еңбек пен әділдіктің маңызын түсіндіру, құқықтық мәдениетті дамыту және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру – жемқорлықсыз қоғам құрудың басты алғышарттарының бірі.

Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, жемқорлыққа қарсы белсенді азаматтық ұстаным танытқанда ғана әділетті, ашық әрі дамыған қоғам қалыптасады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – тек мемлекеттік саясаттың бағыты ғана емес, ол әр адамның өмірлік ұстанымы мен күнделікті іс-әрекетінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.

Адалдық – қоғамның тірегі, әділдік – мемлекеттің берік негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Н.ДУЙСЕНБІ,

«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Ақкөл ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі» КММ-нің заңгері.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ ҚАҒИДАТЫ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның тұрақты дамуына кедергі келтіретін, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне кері әсер ететін және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін әлсірететін келенсіз құбылыс. Сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында заң мен тәртіп қағидатын нығайтуға, ашық әрі есеп беретін мемлекеттік

аппарат қалыптастыруға ерекше назар аударып келеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда әрбір мемлекеттік қызметшінің кәсібилігімен қатар, адалдығы, жауапкершілігі және қызметтік әдепті қатаң сақтауы маңызды рөл атқарады.

Қазынашылық жүйесі – мемлекеттік қаржының тиімді әрі заң талаптарына сәйкес орындалуын қамтамасыз ететін маңызды сала. Сондықтан, қазынашылық органдары қызметінің негізгі қағидаттары -заңдылық, ашықтық, әділдік, қаржылық тәртіп пен жауапкершілік. Мемлекеттік

қаражаттың мақсатты әрі тиімді жұмсалудың қамтамасыз ету-әрбір қазынашылық қызметкерінің басты міндеті.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсету процестерін цифрландыру, электрондық жүйелерді кеңінен қолдану, мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру - жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің тиімді тетіктерінің бірі болып отыр. Бұл шаралар мемлекеттік қызметтің сапасын арттырып қана қоймай, азаматтардың сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТУЫМЫЗ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлық — заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

А.АБСАДЫКОВ,
аудан әкімдігі тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы.

Жемқорлыққа қарсы күрес - тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әрбір азамат заң талаптарын құрметтеп, адалдық пен әділдікті өмірлік ұстанымына айналдырғанда ғана құқықтық мемлекет пен әділетті қоғам қалыптасады.

Адалдық – мемлекеттік қызметтің беделі мен халық сенімінің негізі. Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші өз қызметінде заңдылықты, әділдікті және кәсіби әдепті басшылыққа алып, қоғам игілігіне қызмет етуі тиіс.

Ләззат ӘЛІМБЕТОВА,
аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашысы.

Сібір жарасы

Сібір жарасы (антракс) – адам мен жануарларға ортақ, аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Оның қоздырғышы – Bacillus anthracis бактериясы. Бұл бактерия қоршаған ортада ұзақ жылдар бойы сақталатын спора түзеді. Сондықтан ауру табиғи ошақтарда ұзақ уақыт сақталып, қолайлы жағдай туған кезде қайта таралуы мүмкін.

Сібір жарасымен көбіне ірі қара мал, қой, ешкі, жылқы және түйе ауырады. Адамдарға ауру көбінесе ауру малмен немесе оның етімен, терісімен, жүнімен жанасу кезінде жұғады. Сонымен қатар бактерия споралары бар топырақпен байланыс кезінде де жұқтыру қаупі бар. Сирек жағдайда ауру залалданған етті тұтығанда немесе спораларды тыныс арқылы жұтқанда дамуы мүмкін.

Аурудың үш негізгі түрі бар: терілік, өкпелік және ішектік. Терілік түрі ең жиі кездеседі. Алдымен теріде қышитын қызыл дақ пайда болып, кейін көпіршікке айналады. Біраз уақыттан соң оның орнында ортасы қара түсті жара қалыптасады. Өкпелік түрі өте ауыр өтеді және тыныс алу жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін. Ішектік түрінде іштің қатты ауыруы, құсу,



іш өту және жалпы улану белгілері байқалады.

Аурудың жалпы белгілеріне дене қызуының көтерілуі, әлсіздік, бас ауыруы, тәбеттің төмендеуі және зақымдалған аймақта ісіну жатады. Уақытында ем көрсетілмесе, сібір жарасы ауыр асқынуларға, тіпті өлімге де әкелуі мүмкін.

Сібір жарасын анықтау үшін клиникалық белгілермен қатар зертханалық зерттеулер жүргізіледі. Науқастан немесе жануардан алынған материал бактериологиялық, серологиялық және молекулалық әдістермен зерттеледі.

Аурудың алдын алу – ең тиімді шара. Ол үшін ауыл шаруашылығы жануарларын жоспарлы түрде вакцинациялау қажет. Ауру немесе күмәнді малды союға және оның етін пайдалануға

тыйым салынады. Мал өнімдерімен жұмыс істейтін адамдар арнайы қорғаныш киімдерін пайдаланып, жеке бас гигиенасын сақтауы тиіс. Күдікті жағдай анықталған кезде ветеринариялық қызметке дереу хабарлау қажет.

Қорытындылай келе, сібір жарасы – алдын алу шаралары сақталмаған жағдайда үлкен қауіп төндіретін жұқпалы ауру. Малдарды дер кезінде вакцинациялау, ветеринариялық-санитариялық талаптарды орындау және халықтың санитариялық сауаттылығын арттыру арқылы бұл аурудың таралуын тиімді түрде болдырмауға болады.

Талас ауданының ветеринария бөлімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

««KARATAU LIME» ЖШС Қаратау қаласында орналасқан цемент зауыты базасында, тәулігіне 500 тонна өнім шығаратын кесек әк өндіру цехын салу» жобасына қатысты экологиялық құжаттамалары бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдау өткізеді. Жер учаскесінің географиялық координаттары: 1. 43° 9'29.82"», 70°29'38.52"; 2. 43° 9'24.21"», 70°29'46.73"; 3. 43° 9'19.31"», 70°29'41.86"; 4. 43° 9'25.82"», 70°29'34.05";

Әсер ету аумағы – Қаратау қаласы. Географиялық координаттары: 43°10'38" с.е., 70°27'54" ш.б.

Күні және уақыты: 17.09.2026 жыл, сағат 10:00.

Қоғамдық тыңдаудың мекен-жайы, өтетін орны: ҚР Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Тамды Әулие көшесі, 11, (бұрынғы «Авангард»кинотеатр ғимараты) Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «KARATAU LIME» ЖШС, БИН 240640028044, ҚР, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Қаратау қаласы, Арбатас көшесі, 9Б , эл.пошта: kuzubayev.v@gmail.com, ұялы тел. +7 705111 66 71.

Жобаны әзірлеуші: «Пасечная И.Ю.» ЖК, ҚР, Жамбыл облысы, Тараз қ., Қаратау (2) ш/а, 12-үй, 31-пәтер, тел.: 8 701 739 28 27, эл.пошта: inna_1310@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын материалдармен НБД СОС және ІР сайтында (https://ndbecology.gov.kz), сондай-ақ Жамбыл облысы әкімдігінің ресми сайтында (https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru) танысуға болады.

Мүдделі тұрғындардың ескертулері мен ұсыныстары https://ndbecology.gov.kz сайтында және келесі мекенжай бойынша қабылданады: Тараз қ., Абай даңғылы, 133а, «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, эл.пошта: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Qosyl платформасы арқылы қосылу сілтемесі: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=998292097421. Жиналыс идентификаторы: 998-292-097-421.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты +7 701 739 2827 телефоны немесе inna_1310@inbox.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Общественные слушания в форме открытых собраний проводятся по Экологической документации «Строительство цеха по производству комовой извести ТОО «KARATAU LIME» мощностью 500 тонн в сутки на базе цементного завода в г. Каратау». Географические координаты участка: 1. 43° 9'29.82"C 70°29'38.52"B; 2. 43° 9'24.21"C 70°29'46.73"B; 3. 43° 9'19.31"C 70°29'41.86"B; 4. 43° 9'25.82"C 70°29'34.05"B

Территория, на которую оказывается воздействие - г. Каратау. Географические координаты: 43°10'38" с.ш., 70°27'54" в.д.

Дата и время проведения общественных слушаний: 17.09.2026 года в 10.00.

Адрес: РК Жамбылская область, Таласский район, город Каратау ул.Тамды Әулие 11 (Здание бывшего кинотеатра «Авангард»).

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «KARATAU LIME» БИН 240640028044, РК, Жамбылская область, Таласский район, с. Каратау ул. Арбатас д. 9Б эл.почта: kuzubayev.vt@gmail.com тел. +7 705111 66 71.

Составитель проекта: ИП «Пасечная И.Ю.» РК Жамбылская область, г.Тараз мкр.Каратау (2) д.12, кв.31 тел. +77017392827. E-mail: inna_1310@inbox.ru.

С материалами, выносимыми на общественные слушания можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ІР (https://ndbecology.gov.kz) и на сайте МІО Жамбылской области https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru.

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются на сайте: https://ndbecology.gov.kz и по адресу: г.Тараз, проспект Абая, 133а, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», эл.почта: s.agabek@zhambyl.gov.kz.

Желающим присоединиться в онлайн формате можно пройти по ссылке на онлайн подключение. Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting?room=998292097421. Идентификатор встречи: 998-292-097-421.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. +77017392827, inna_1310@inbox.ru.